

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаттары –
«АМАНАТ»
партиясы фракциясының
мүшелері
(Оспанов Б., Бекжанов Б., Қаратаев Ф.)

2022 жылғы 4 мамырдағы №ДС-159

Құрметті депутаттар!

Үй ішілік газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге қатысты сұрауларыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Газ тарту ұйымдары тарапынан да, жергілікті атқарушы органдар тарапынан да тұрмыста табиғи газдың қауіпсіз пайдаланылуын тиімді бақылау, сондай-ақ азаматтардың, оның ішінде балалардың улануы мен өлімінің алдын алу бойынша нақты шаралар қабылдау бойынша

«Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңының 7-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Бүгінгі таңда өңірлерде ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген Тұрғын үй инспекциясы туралы үлгілік ережеге сәйкес газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын тұрғын үй инспекциялары құрылды.

Сонымен бірге газбен жабдықтау объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын қадағалауды жүзеге асыру мақсатында тұрғын үй инспекциялары «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» (бұдан әрі – ӘҚБтК) Кодекстің 729-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

Сонымен қатар, улы газбен уланумен байланысты, соның ішінде балалар арасындағы жазатайым оқиғалардың негізгі себебі – тұрмыста тауарлық газды пайдалану кезінде желдету және түтін каналдарының көптеген ақаулары болатынын атап өту қажет, бұл жағдайларды тұтынушылар көбіне елемейді.

ҚР Энергетика министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы №117 бұйрығымен бекітілген Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынушы жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетудің үлгі шартына сәйкес (*бұдан әрі – Үлгі шарт*) газ тұтыну жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге түтіндік және желдеткіш каналдарда тарту күшінің болуын, газ жабдығын түтіндік каналымен жалғастырушы құбырлардың жай-күйін, жану үшін ауа ағымының бар-жоғын **тексеру** жатады және желдету және түтін арналарын тазалау бойынша жұмыстар **көзделмеген**.

Үй ішілік газ жабдығын жөндеу жөніндегі жұмыстарды және Үлгі шартта көзделмеген жұмыстарды Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жеке ақыға мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

Сонымен қатар газ және газ жабдығын пайдалануға байланысты төтенше жағдайлардың туындау қаупін азайтудың негізгі әдістерінің бірі тұрмыста газ бен газ жабдығын қауіпсіз пайдалану қағидаларын сақтау бойынша халықпен ұйымдастырушылық-практикалық іс-шараларды және ақпараттық-профилактикалық жұмысты жүйелі жүргізу болып табылатынын атап өту қажет.

Осыған байланысты, Төтенше жағдайлар министрлігі (*бұдан әрі – ТЖМ*) мен оның аумақтық бөлімшелері тиісті бақылауды қамтамасыз ету және жергілікті атқарушы органдарға көмек көрсету мақсатында тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және газ және газбен жабдықтау саласындағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауда жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй инспекцияларына әдістемелік көмек көрсетеді.

Сондай-ақ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ (*газ тарату ұйымы*) жыл сайын тұрмыстық газ жылыту аспаптарын қауіпсіз пайдалану жөнінде 1 миллионға жуық жадынамалар дайындалады, бұқаралық ақпарат құралдарында 100-ден астам ақпарат орналастырылады, 27 мыңнан астам бейнероликтер түсіріледі және халықты аралап, 900-ден астам кездесулер өткізіледі.

Өздеріне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны не осы функцияларды монополияға бергені үшін үй ішілік газ жабдығына техникалық қызмет көрсету жөніндегі мекемелердің жауапкершілігін қатаңдатуға қатысты

Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің ақпаратына сәйкес, қолданыстағы аңнамада тауар нарығы монополиялық жағдайға енгізілетін шектеулі жағдайлар көзделген, атап айтқанда, егер «Табиғи монополиялар туралы» Заңның 4-бабының 18) тармағына сәйкес табиғи монополия – тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрін өндіру мен ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне байланысты тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің осы түріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдайлар жасау мүмкін болмайтын немесе экономикалық

жағынан тиімсіз болатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығының жай-күйі.

Мәселен, Шымкент қаласында тиісті қызметті нарықтың 13 жеке субъектісі жүзеге асырады, бұл осы нарықтың бәсекелестік жағдайында жұмыс істей алатындығын білдіреді.

Осы қызметтерді бәсекелестік негізде көрсету тұтынушыларға нарықтың әртүрлі субъектілерінен таңдау құқығын береді, сондай-ақ монополиялық өнім берушіні мемлекеттік бағалық реттеуді енгізу қажеттігінен босатады.

Осыған байланысты табиғи газды пайдалану қауіпсіздігіне тиімді бақылау орнату мәселесі осы саладағы нормативтік талаптарды күшейту арқылы қаралуы мүмкін.

Бүгінгі таңда заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу, оның ішінде газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету құқығына аттестаттауды «Азаматтық қорғау туралы» ҚР Заңының 72-бабына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган (ТЖМ) жүзеге асырады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы аттестатталатын жұмыс түрлерін жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылған жағдайда, **ӘҚБтК-ның 299-бабына сәйкес аттестаттың қолданысын тоқтата тұрып**, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – **он**, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – **жиырма**, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне **бір жүз** айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл көзделген. Аталған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді ТЖМ қарайды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған субъектілерге қатысты бақылау мен қадағалау тексерулер жүргізудің ерекше тәртібіне жатады.

Реттеуші мемлекеттік орган (*ҚР Бас прокуратурасы*) немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен жартыжылдық график тексерулер жүргізудің ерекше тәртібін тағайындау үшін негіз болып табылады.

Осыған байланысты ТЖМ тұрақты негізде газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғаларды тексеру бойынша жұмыс жүргізеді.

Тұтастай алғанда, үй ішіндегі газ жабдығына техникалық қызмет көрсету жөніндегі мекемелерге жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікті қатаңдатумен Үкімет келіседі.

Осыған байланысты, ағымдағы жылғы 27 сәуірде Ю.В. Ильиннің төрағалығымен өткен орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері кіретін Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның отырысында қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында мынадай мәселелер:

- газ және газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану ережелерін сақтау бойынша халықпен ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар және ақпараттық-профилактикалық жұмыстар жүргізу бойынша жұмысты күшейту;

-тұтынушының газ тұтыну жүйесі немесе газ жабдығының жай-күйі қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, газбен жабдықтауды **тоқтата тұру** бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу тиімділігін арттыру;

-газ тұтыну жүйелерін қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі инспекторлық құрамның штат санын ұлғайту;

-газ және газбен жабдықтау саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарын бұзғаны және орындамағаны үшін тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша ӘҚБтК нормаларын қолдану бойынша жұмысты күшейту мәселесі талқыланып, пысықталды.

Тұтастай алғанда, бұл жұмыстар пысықталуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Скляр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
Членам Фракции партии
«АМАНАТ»

(Оспанов Б., Бекжанову Б., Каратаеву Ф.)

на №ДС-159 от 4 мая 2022 года

Уважаемые Депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно технического обслуживания внутридомового газового оборудования, сообщаю следующее.

По эффективному контролю за безопасным использованием природного газа в быту как со стороны газораспределительных организаций, так и со стороны местных исполнительных органов, а также принятия конкретных мер по недопущению числа отравлений и смертей граждан, в том числе детей

В соответствии со статьей 7 Закона РК «О газе и газоснабжении», местные исполнительные органы осуществляют государственный контроль за соблюдением требований безопасной эксплуатации газопотребляющих систем и газового оборудования бытовых и коммунально-бытовых потребителей.

На сегодняшний день, для осуществления государственного контроля и надзора за соблюдением требований безопасной эксплуатации объектов газоснабжения в регионах созданы жилищные инспекции, согласно Типового положения о жилищной инспекции, утвержденного приказом Министра национальной экономики РК от 20 марта 2015 года № 241.

В целях осуществления надзора за соблюдением требований безопасной эксплуатации объектов газоснабжения жилищными инспекциями рассматриваются дела об административных правонарушениях в соответствии со статьей 729 Кодекса «Об административных правонарушениях» (далее – КоАП).

Вместе с тем, необходимо отметить, что основной причиной несчастных случаев, связанных с отравлением угарным газом, в том числе и среди детей, при использовании товарного газа в быту является многочисленные неисправности

вентиляционных и дымовых каналов, которыми пренебрегают многие потребители.

Согласно Типового договора технического обслуживания газопотребляющих систем и газового оборудования коммунально-бытовых и бытовых потребителей, утвержденного приказом Министра энергетики РК от 12 ноября 2014 года № 117 (*далее – Типовой договор*), техническое обслуживание газопотребляющих систем включает **проверку** наличия тяги в дымовых и вентиляционных каналах, состояние соединительных труб газового оборудования с дымовым каналом, наличие притока воздуха для горения и **не предусматривает** выполнение работ по прочистке вентиляционных и дымовых каналов.

Работы по ремонту внутридомового газового оборудования и работы, не предусмотренные в Типовом договоре, осуществляются специализированными организациями по заявке потребителя за отдельную плату.

Также, необходимо отметить, что одним из основных методов снижения риска возникновения чрезвычайных ситуаций является системное проведение организационно-практических мероприятий и информационно-профилактической работы с населением по соблюдению правил безопасной эксплуатации газа и газового оборудования в быту.

В связи с чем, в целях обеспечения надлежащего контроля и оказания помощи местным исполнительным органам Министерством чрезвычайных ситуаций (*далее – МЧС*) и его территориальными подразделениями на постоянной основе проводится разъяснительная работа и оказывается методическая помощь жилищным инспекциям в осуществлении контроля за соблюдением требований законодательства в сфере газа и газоснабжения.

Также, АО «КазТрансГаз Аймак» (*газораспределительная организация*) ежегодно изготавливаются около 1 миллиона памяток по безопасному пользованию бытовыми газовыми отопительными приборами, размещаются более 100 статей в средствах массовой информации, снимаются более 27 тысяч видеороликов и осуществляются более 900 обходов и встреч с населением.

Касательно ужесточения ответственности учреждений по техническому обслуживанию внутридомового газового оборудования за ненадлежащее исполнение возложенных на них обязанностей, либо передача этих функций в монополию

По информации Агентства по защите и развитию конкуренции (*далее – Агентства*), действующим законодательством предусмотрены ограниченные случаи в которых товарный рынок вводится в монопольное состояние, в частности, в соответствии с пунктом 18) статьи 4 Закона «О естественных монополиях», когда создание конкурентных условий для удовлетворения спроса на определенный вид товаров, работ, услуг невозможно или экономически нецелесообразно в силу технологических особенностей производства и предоставления данного вида товаров, работ, услуг.

Так, в городе Шымкент соответствующую услугу осуществляют 13 частных субъектов рынка, это означает, что данный рынок может функционировать в условиях конкуренции.

Оказание данных услуг на конкурентной основе дает потребителям право выбора из различных субъектов рынка, а также освобождает от необходимости введения государственного ценового регулирования монопольного поставщика.

В этой связи, вопрос установления эффективного контроля за безопасностью использования природного газа возможно рассмотреть через усиление нормативных требований в данной сфере.

На сегодняшний день, аттестация юридических лиц на право проведения работ в области промышленной безопасности, в том числе проведение технического обслуживания газопотребляющих систем, осуществляется уполномоченным органом в области промышленной безопасности (МЧС) в соответствии со статьей 72 Закона РК «О гражданской защите».

В случае нарушения законодательства Республики Казахстан при проведении аттестуемых видов работ в области промышленной безопасности предусмотрены штрафы на субъекты малого предпринимательства в размере **десяти**, на субъекты среднего предпринимательства – в размере **двадцати**, на субъекты крупного предпринимательства – в размере **ста** месячных расчетных показателей **с приостановлением действия аттестата в соответствии со статьей 299 КоАП**. Дела об административных правонарушениях рассматриваются МЧС.

Контроль и надзор в отношении субъектов, отнесенных к высокой степени риска, в области промышленной безопасности относится к особому порядку проведения проверок.

Основанием для назначения особого порядка проведения проверок является полугодовой график, утвержденный регулирующим государственным органом (*Генеральная Прокуратура РК*) или местным исполнительным органом.

В этой связи, МЧС на постоянной основе проводится работа по проверке юридических лиц, осуществляющих техническое обслуживание газопотребляющих систем.

В целом, Правительство соглашается с ужесточением ответственности организаций по техническому обслуживанию внутридомового газового оборудования за ненадлежащее исполнение возложенных на них обязанностей.

В этой связи, 27 апреля текущего года на заседании Межведомственной государственной комиссии по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций под председательством Ю.В. Ильина, куда входят представители центральных и местных государственных органов, обсуждались и прорабатывались следующие вопросы:

- усиление работы по проведению организационно-практических мероприятий и информационно-профилактической работы с населением по соблюдению правил безопасной эксплуатации газа и газового оборудования;
- повышение эффективности регулирования правоотношений в сфере газа и газоснабжения, в части **приостановления** газоснабжения в случае

неудовлетворительного состояния газопотребляющей системы или газового оборудования потребителя;

- увеличение штатной численности инспекторского состава по осуществлению государственного контроля за соблюдением требований безопасной эксплуатации газопотребляющих систем;

- усиление работы по применению норм КоАП по привлечению к административной ответственности лиц за нарушение и невыполнение требований действующего законодательства в сфере газа и газоснабжения.

В целом, данные вопросы прорабатываются и находятся на постоянном контроле Правительства.

Р. Скляр

исп. С. Мамытов, 74-54-67